





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Қазақ жыраулары жырлаған 700 жылдық ел тарихы

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен
Алматы қаласының 1000 жылдығына арналған
Республикалық ғылыми-теориялық
конференцияның материалдары



Алматы, 2017

Қазақ жыраулары жырлаған 700 жылдық ел тарихы



Алматы қаласы әкімшілігі

Қазақстан Республикасы
Жоғары оқу орындарының қауымдастығы

**«Қазақ жыраулары жырлаған
700 жылдық ел тарихы» атты
Республикалық ғылыми-теориялық
конференцияның материалдары**

(24 мамыр, 2016 жыл)

Алматы, 2017

ӘОЖ 930 (063)

ҚБЖ 63

Қ 18

Ақылдастар алкасының төрағасы

Рахман Алшанов – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының Президенті, «Тұран» университетінің ректоры.

Ақылдастар алкасы:

К. Матыжанов,

Ж. Тілепов,

Ж. Дәдебаев,

С. Арпабеков,

У. Қалижан,

Ө. Әбдиманұлы

Қ 18 Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдығына арналған «Қазақ жыраулары жырлаған 700 жылдық ел тарихы» атты ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2017. 156 – бет.

ISBN 978-601-225-985-8

Бұл жинаққа сан ғасырлық «Тарих толқынында» небір алапат оқиғаларды бастан кеше отырып, бүгінге жеткен тәуелсіз Қазақстанның өмір бойы бо-стан ел, бақытты әулет болуын жырлап өткен ұлт ардагерлері-жыраулар мен акындардың жеті ғасырлық елдік мұрасының қадыр-қасиетін тарихи жәдігерліктермен байланыстыра отырып, ғылыми тұрғыдан пайымдаған белгілі ғалымдардың зерттеу еңбектері жинақталып беріліп отыр.

Жинақ материалдары ғалымдар мен ұстаздарға, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ, еліміздің сан ғасырлық өткен өмірін тереңірек білуге ықыласты көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 930 (063)

ҚБЖ 63

ISBN 978-601-225-985-8

© Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының баспасы, 2017

Жұмат Тілепов,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

XIV-XV ғасырлардағы жыраулар шығармашылығы – сол дәуірлердегі тарихи жазба деректер көзімен

Биыл тәуелсіз еліміз – Қазақстан Республикасына – 25 жыл. Алматы шаһарына – 1000 жыл. Осындай тұста ұлыс пен ұлттың елеулі өмір жолын елінің санасына мәңгілікке сіңіріп, халқына алғаусыз қызмет еткен жыраулар қауымының мұзбалақ өкілдерін еске аласыз.

Қазақ халқының жыраулар әулеті. Олардың әу баста қазіргі біз білетіннен әлдеқайда көп болғандығында дау жоқ. Өйткені, уақыт атты талабы қатты қатыгез қазы ешкімге көңілшектік жасап көрген емес. Сондықтан да оның іріктеу елегінен ғасырларды аттап өтіп аман-есен бізге жеткен сөз өнерінің тарландарына деген кешегі, бүгінгі, ертеңгі мұрагер жұрттың аса қастерлі елдік тұлғалар ретінде қарайтыны белгілі. Солардың бірегейі – Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы болатын. Автор біздің халқымызға ең алдымен «Ер Едіге» жыры арқылы мәлім.

Ол туралы қазақ ғалымдары ішінде 1905 жылғы Ш. Уәлихановтың, 1927 жылы жарық көрген Қ. Сәтбаевтың жинақтарына сүйене отырып алғашқы рет мейлінше орнықты пікір айтқан адам – қазақ әдебиетінің классигі, өткен ғасырдың жиырмасыншы-отызыншы жылдарындағы көрнекті мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин.

XIV ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдарындағы Алтынорданың атақты билеушісі Тоқтамыс хан заманындағы Сыпыра жырау лебізіне – елі ділгер. Оның Тоқтамыс пен Едігенің араздасқан кезінде айтқан сөздері – осының дәлелі.

Ел билеушісі, яғни Тоқтамыс хан Алтынорданың іргесін шайқалтқалы тұрған аласапыранның алдында талай ақылгөйлерінің пікірлерін тыңдайды. Бірақ, ешқайсысының сөзі көкейіне қонбайды. Тоқтамыс хан болғаныменен, оған өзі билеп отырған қалың ноғайлының осы сәттегі өз көкейіндегі ойды тауып айтатын өз перзенті, яки ноғайлы әулетінен шыққан дуалы ауызды жанның лебізі керек еді. Сол сөзді, Тоқтамыстың көкейіндегі ойды Сыпыра жырау тап басып айтады. Оның бұл лебізі, алайда, Тоқтамыстың жылы көзқарасында болуды мақсат еткен арзан ақыл иесінің толғанысы емес екені кімге болса да түсінікті. Ш. Уәлиханов хатқа түсіріп, 1905 жылы жарық көрген, сондай-ақ, кейіннен «Ер Едіге» деген атпен Москвадан Қ. Сәтбаев бас-

Өмірхан Әбдиманұлы,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология және әлем тілдері факультетінің
деканы, филология ғылымдарының докторы,
профессор

Қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» идеясын жырлаудың дәстүрлік арналары

Бағзы заманнан бергі әдебиеттің ұлттық рухын танытар сөз құдіретінің бір арнасы ерлік-елдік ұғымдарымен астасып жатыр. Ұлттың ұлы араманынан қуат алған құдіретті көркем ой-таным қазақ әдебиеті тарихының түркі тектес халықтармен ортақтығының түп негізі болып табылатын ежелгі әдебиет пен қазақ хандығы жеке ту тігіп, өз алдына ел болғалы бергі әдебиеттің барлық кезеңдерінен көрініс тауып отырған. Ел басына қиын-қыстау күн туған небір замандарда тәнге шипа, жанға рух берген ерлік пен елдікті ту көтерген отты жырлар екендігі айдан анық. Олар өз уақытында ғана жырланып қоймай, ертеңге дәстүр қалыптастырды. Ежелгіден желісін тартқан сол жырлардан кейінгі әдебиет үлгі алып, өнеге шашты, тағылым таратты. Олай болса, біздің мақсат ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі елшілдік ой-танымның әдебиеттегі көрінісі арқылы «Мәңгілік Ел» идеясының әдебиетіміздегі көркем бейнеленуінің танымдық мәнін айқындап, дәстүрлік арналарын саралау. Себебі, бүгінгі тәуелсіз ел әдебиетіндегі ұлттық идеяның бейнеленуін тану үшін ертедегі әдебиет үлгілеріндегі осыған тән көркемдік белгі-бедерді жан-жақты қарастырған жөн.

Қашанда әдеби шығарма өзегі замана тынысынан, қоғамдық ойға көрік басты идеядан тамыр тартып жатады. Озық әдеби туынды қай кезеңде тумасын, немесе ертедегі, кешегі, бүгінгінің қай кезеңін баяндап, суреттемесін, дүниеге келген кезеңдегі қоғам алдында тұрған басты мақсат, алға ұстаған басты идея шығарманың өн бойынан белгі беріп тұрары хақ.

Белгілі бір шығармашылық тұлға қандай жағдайда болмасын ерікті де, еріктен тыс та өз туындысын нысаналы ойсыз, көздеген мақсатсыз жаратуы мүмкін емес. Олай болса, идеясыз туынды жоқ. Шығармашылық тұлға – ой таным иесі. Ол өз заманындағы қоғамдық үдерісті ой-сана сүзгісінен өткізбей отыра алмайды. Ендеше та-

ным жемісі – сөз өнер туындысы ішкі болмысқа тән үлкенді-кішілі идеялық жүк арқалап, дүниетанымдық сананың өркен жаюына қызмет етеді.

Мәселен, бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы егеменді еліміздің басты идеясы – «Мәңгілік Ел» – ұлттық идеясы. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» (Егемен Қазақстан. – 18-қаңтар. – 2014 ж.), – деп «Мәңгілік Ел» идеясының халқымыздың сан ғасырлық тарихымен сабақтастығының, руханияттық танымының негізгі ұстанымына айналғанындығының мән-мазмұнын ашып берді. Ал сол сабақтастықтың алтын жұлгесі – ел жадынан өшпестей орын алып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан өнер асылы – әдебиет.

Ендеше, Мәңгілік Ел ұлттық идеясы жоқ жерден пайда болып, ойдан шығарылған дүние емес, ол – халықтың өмір тәжірибесінен, өнегелік тәлім-тағылымынан нәр алып, сан ғасырлар бойы ой-сана бесігінде тербеліп, қажет кезінде жарқ етіп шыға келген егеменді ел тәуелеіздігінің жебеушісі, ұлт рухы. Халық даналарының данышпандық ақыл-ой құнарынан нәр алып өскен Президент Н.Ә. Назарбаев ел даналығының қорында ежелден сақталып келе жатқан асыл қазынасы – Мәңгілік Елдің керек сәтін тап басып, оны ұлттық идеяның алтын діңгегіне айландырды. Өйткені, Мәңгіліксіз – бүгіннің мәні жоқ, бүгінсіз – Мәңгілік баянсыз. Ал Мәңгілікті баянды ету бақыты бізге, «Мәңгілік Елдің іргетасын қалаған» бүгінгі ұрпақ еншісіне тиіп отыр.

Қазіргі гуманитарлық ғылым саласында тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Ел идеясы ұлттық мемлекеттілікті нығайту және дамытудың тұғыры ретінде кең түрде зерттеудің басты нысанына айнала бастады. Бұл мәселе белгілі саясаттанушылардың, тарихшылардың, мәдениеттанушылардың, философтардың еңбектерінде жіті назарға алынуда.

Тәуелсіздік алған тұстан бергі уақыт межесінде ұлттық құндылықтарды қолдау-қорғау бағытындағы түрлі саяси-идеялық көзқарастар тоғысында ұлттық әдебиеттегі ұлттық идеяны алға шығару мәуелі жеміс беріп, Мәңгілік Ел ұстанымының көркемдік

белгі-бедері айқындалып келеді.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында да бұл ұғымның болмысын түйсіну мен түсінуге үлкен мән берілуде. Құқықтық мемлекет қалыптастыру мен дамытуда, ел тұрақтылығын нығайтуды қамтамасыз етуде, адамзаттың болашағын ойлауда Мәңгілік Ел ұлттық идеясының зәрулігі айқын сезіліп отыр.

Жалпы ұлт даналығының асыл қазынасы – сөз өнері-әдебиет. Балардан жеткен «өнер алды – қызыл тіл» деген қанатты сөзі бекер айтылмаған. Қай халық болмасын өзінің аңсаған арманын, көкसेген мақсат-тілегін сөз өнері арқылы айшықтаған. Ал, ел арманының түп қазығы – ел бірлігі, ел азаттығы, ел тәуелсіздігі ұғымдарын тұтатастырған – Мәңгілік Ел идеясы.

Ежелгіден бүгінге жеткен қазақ әдебиеті сан ғасырлар бойы осынау ұлы мақсат – Мәңгілік Ел ұстанымын шығармашылықтың алтын алқасына айналдырып келді. Айналдыра бермек те!

Мәселен, қазақ әдебиетінің түркі тектес елдермен еншілес ежелгі деп есептелетін әдеби жәдігерлерінің бір шоғыры – «Орхон-Енисей» жазба ескерткіштері. Көнеден жеткен ел мұрасындағы ерлік рухқа толы жазбаларды оқи қалсаң, бойыңа ерен куат пен қайрат еніп, жан-дүниені өрлік пен ерлік рух берері анық. Ел рухының күші бірлікте екенін ұғындыратын осынау замана табы таңбаланған туындылар талай ғасыр өтсе де, халық жадында сақталып, желілес жүз жылдықтар жалғасында туған туындылардың өн бойынан орын тауып, орнығып келгені күмәнсіз. Көп ғасырлардан кейінгі азаттыққа ұмтылған өршіл үнді ұранды жырлардың ұлы сарыны сол тұстан бастау тартып жатқаны да шындық. Олардың идеялық мәні ұлттық мақсатты асқақтату мен «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды», Мәңгілік Елдікті аңсаған асыл арманда жатыр. Өйткені бүгінгі ұрпақ тілімен сөйлеп кетсе, ол кімді де болса, бей-жай қалдыра алмайды. Қараңыз:

Сонау бастан, о бастан
Жаралғалы қара жер,
Жаралғалы көк аспан,
Естеми мен Бумынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышы дүниенің
Соларменен санасқан.
Бүкіл түркі үмітпен
Екеуіне қарасқан.

Қол астына жиылып,
Қол астынан тарасқан.
Олар салған дүбірден
Қаптап жатқан қалың жау
Шыбын жаннан түңілген.
Дырдай болып келгенмен,
Бордай болып үгілген.
Басы барлар иіліп,
Тізесі барлар бүгілген.

Ақын Қ. Мырзалиевтің аудармасындағы (Жұлдыз. – 1970. – №3. – 148-153 бб.) «Күлтегін» өлең сөздің өрнегі арқылы қалай-қалай сөйлейді десеңізші?! «Күлтегін» ескерткішінің келешектің керуеніне артқан аманаты, мәңгілікті аңсаған рухани қуатының мәңгілігі осы жолдардан анық ұғылып, айқын танылмай ма?!

Сол «Күлтегін» ескерткішіндегі мына: «Түркі, оғыз бектері, халқы тыңдандар! Жоғарыда Тәңірі баспаса, төменде жер айырыл-маса, түркі халқы, еліңді, төріңді /өкіметіңді/ кім құртады? Ынтымақ қажет!» (С. Қаржаубай. Орхон мұралары. 1- кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2003. – 392 б. –174-бет.), – деген зерттеуші-ғалым Сартқожа Қаржаубай аударуындағы жолдар жүздеген жылдар кейінгі жұртының жанына дәру, қайратына азық болмады деп кім айта алады?! «Түркі бектері, халқы бұны естіңдер! Түркі халқын теріп жинап ел еткендерінді мұнда /тасқа / шектім. Жаңылып үлеске түскендерінді де мұнда шектім. Небір айтар сөзім болса мәңгі тасқа ұрдым. Мұны көріп біліндер. Түркі халқы, бөдке /тақ киесі/ бағыныштылыққа [ынтымақтыстыққа] ебтеріңмен [бірге] жаңылыш [қателік] жасайсыздар сіздер. Мен мәңгі тас тіктім. Табғаш қағаннан бедерші /мүсінші/ келтіртім, бедерлеттім. Менің сөзімді сындырмады /қайтармады/... ..он-иелік ұрпағыңа, кірмелеріңе дейін бұны көріп біліндер! Мәңгі тас /ұстын/ жасаттым. Бұл киелі жер еді. Қазірде киелі жерге айналды. Осында, киелі жерге мәңгітас жасаттым, жаздырттым. Бұны көріндер, осылайша біліндер. Ол тасты жасаттым. Бұл жазуды жазған аталық Иоллуғ-тегін» (Сонда-179 бет), – деп өлмес өсиетін тасқа ойып, өткен тарихтың мәңгі өшпестей белгісіне айналдырған бабалар рухы қандай биік еді десеңші! Оның бар қадір-қасиеті кейінгі ұрпаққа «атаның қаны, ананың сүті» арқылы беріліп отырғаны айдай ақиқат.

Президент Н. Назарбаев 1914 жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жолдауында

«Орхон -Енесей» тасқа басылған жәдігерлерінің «Мәңгілік Елдік» тұғыр-ұстаным қалыптастырғандығы туралы «Мәңгілік Ел идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған» (Егемен Қазақстан. – 12-қараша. – 2014 ж.), – деп Мәңгілік елдің көне тарихтан көш түзейтіндігін атап өтті. Және де «Жалпы ұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі» екендігін тағы бір еске салды.

Осы «Орхон-Енесей» ескерткіштерін әдеби мұра ретінде қарастыру, қазақ әдебиетінің түп төркіні содан тамыр тартып жататындығын зерттеу мен дәлелдеу ХХ ғасырдың 60 жылдары профессор Бейсембай Кенжебаевтың бастауымен қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүзеге асқандығы белгілі. Ежелгі ел жәдігерін әдебиеттану тұрғысынан алғаш зерттеген қазақ ғалымы Мырзатай Жолдасбеков «Жоқтау-Мадақ» жыры деп атау берген (Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б. – 23-бет.) «Күлтегін» жәдігерінің құдірет күші – оның Елдік пен Ерліктің ұлы дастаны болуында. Ол сан ғасыр бойы ұрпақ көзінен таса болғанымен, гендік жадыда жатталып, межелі мезетте жан тебіренісінің тереңінен қайнап шыққан жырлардың болмысынан талай рет бой көрсетіп, бейнелі сөздің қуатын артырғанына еш күмән жоқ. Бұған кезінде қазақтың біртуар данасы М. Әуезов те назар аударған екен. Осы жырлардың сипатын анықтай келіп, ол төмендегідей ой айтады: «Күлтегін, Тоныкөк немесе Суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік бейнеленген десеңіші?! Оларда әр алуан рулар, тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтардың шежіресі бар» (Әуезов М. Шығармалары: 12 томдық. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1969. – 11 т. – 479 б. – 136-бет). Ендеше Орхон ескерткіштері – қазақтың ерлік пен елдік жырларының дәстүрін қалыптастырған ұлы мұра. Ал сол тарихи баяндардың түпкі мақсаты не десек, жауабы біреу – еркін елдік мұрат! Ендеше халық даналығындағы: «Бірлік қайда болса, Еркіндік сонда, // Еркіндік қайда болса, Елдік сонда» деген аталы сөз талай ғасырдың толқын-тербелісінен сүзіліп шыққан ой-толғаныстар сығындысы емес деп кім айта алар?!

2014 жылдың 15 желтоқсанындағы Тәуелсіздік күнін тойлауға арналған салтанатты жиында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік толғауын» жариялады. Сонда Елбасы тәуелсіздіктің бүкіл мән-мағынасын, осы ұғым туралы түсініктің болмысын нақтылап ашып берді. «Тәуелсіздік – сан буын бабалардың

қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін, төгілген қаны мен терінің өтеуі. Тәуелсіздік – кешегі батыр бабалар өсиет еткендей, Қазақстанды қасық қаны қалғанша қорғау жөніндегі әрбір азаматтың қайсар шешімі» (Егемен Қазақстан. – 16-желтоқсан. – 2014 ж.), – деп атап көрсетті Президент. Тәуелсіздіктің тұғыры не болмақ деген, көп көкейінде жүрген күрделі сұраққа Елбасы: «Мәңгілік Ел – тәуелсіздіктің өмір философиясы», – деп қысқа да нұсқа жауап берді. Иә, шындығы осы. Өйткені, бүгінгі тәуелсіздік – сан ұрпақтың ұлы мұраты мен даналығы, ерлігі мен батырлығы, ізденісі мен еңбегінің жемісі.

Олай болса, Мәңгілік Ел ұлттық идеясының тұғыр-тірегі – елдік намыс. Ал намыс – халық, ұлт атты қоғамдастықтың киналғанда медет тұтар қуат күші. Ол намысты ерді ерлікке бастап, елді теңдікке, теңдік елдікке жеткізеді. Ал, Елдік – қашанда Мәңгілік идеясымен жұптас. «Күлтегін» жәдігеріне қайта бір қайырылсақ: «Өтүкен қойнауында отырсаң, Мәңгі елдігінді сақтайсың сен (Өтүкен йыш олурсар, Беңгі ел тута олуртачы сен)» деген Мырзатай Жолдасбеков аудармасындағы жолдар ((Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б. – 45-бет.) – сан ғасырды көктей жеткен Мәңгілік Елдіктің аманаты! Ол – туған ел, ата жұртқа деген ұлы сүйіспеншіліктің көрінісі! Ата-баба бізге отбасының ошағының оты жалынды, түтіні түзу шығар Мәңгілік Елдің нәрлі тамыры – «Құт мекенде» жатқандығын өсиет етіп отыр емес пе?!.

«Мәңгілік Ел» атты жасампаз да жарқын идея қажет кезінде жаңғырып, жаңарып, ұрпағына қайта оралып, дәстүрлік жалғасын тауып, өзекті ойға өз өрнегін салып отырарын жоққа шығаруға болмайды. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан айтқандай: «Тарихи дәуірдің элеуметтік жосындары, тұрмыстық тілегі, бейбітшілікпен күн кешуді арман етуі – елдің ең ізгі тілегі» (Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 417б. – 363 бет.) болса, ол әр дәуірдің әдеби туындыларында өзіне гана тән бейнелі болмысымен көрініс тапты. Сондағы ел аңсары ауған бейбіт өмірдің басты нысанасы не? Әрине, ол – «Мәңгілік Елдік!» Санада қатталып, жүректе жатталып жүрген «Мәңгілік Ел» кешегі қазақ жұрты ел болып, елдікті сақтауда «ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен» заманда жыраулардың отты жырларының қуатын ашса, жоңғарларға қарсы азаттық күресте ерлік пен батырлықтың асыл қайрағына айналды. Орыс бодандығы кезеңінде замана басқа салған отаршылдық қайғы-қасіреттің зармұнын жырлатып, ел бастаған ерлердің намыс-жігерін жаныды. Сол

жырлардың ащы зары жаңа ғасырда қазақ зиялысының көкірек көзін ашып, ұлт бостандығы жолындағы саяси күреске ұмтылдырды, ұлтын сүйген ақын жүректің сырын жайып, «ұйқыдағы» жұрт санасын ояты.

Ендеше Орхон ескерткіштері мемлекеттіліктің қорған-қамалы – Мәңгілік Ел идеясын жырлаудың бастау көзі екендігіне қандай күмән болуы мүмкін. Осы тұста назар салар тағы бір жайға көңіл аудара кетейік. Аталмыш жәдігерлердің қай-қайсысында болсын «ЕЛ» ұғымы көп аталады. Осы «Ел» сөзінің Орхон мұраларындағы мәні туралы зерттеуші С. Қаржаубай осы мұраны алғаш зерттеген В. Томсен, В.В. Радлов, С.Е. Малов т.б. пікір таластыра отырып: «ЕЛ» сөзінің аудармасын жоғарыдағы зерттеушілердің көбі «племенный союз» (тайпалық одақ) деп аударған. Бұл аударма дәл келмейтіндіктен «мемлекет» деген мағынамен алдық» (Орхон мұралары. 1- кітап. Тарихтанымдық этнографиялық әдебиет. – Астана: «Күлтегін» ба–241-бет.), – деп түсіндіреді. Жанды пікір!

Әрине, Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріне дейін де, олардан кейін де ерлік жырларының болғандығы рас. Бірақ олар бізге толық күйінде емес, үзінді немесе аңыз-әпсана күйінде жеткен. Ал Мәңгілік Елді арманының берік тұғырына айналдырған бабаларымыз жыр-өсиет етіп қалдырған аталмыш «Күлтегін», «Білге-қаған», «Тоныкөк» тасқа қашалған Мәңгілік ескерткіш болып бізге біршама түгел күйінде жетті. Сондықтан біз оны Теңдік, Еркіндік, Елдік ұғымдарын тұтастырып, түгел жұртты ұйытқан Мәңгілік Ел ұлттық идеясы бейнеленуінің арғы бастау көзі ретінде қабылдаймыз. Бір сөзбен айтқанда, біз сөз етіп отырған ежелгі ескерткіште жүректі қанжылатқан мұң-зар да, көкіректе кек қайнатқан қаһармандық рухта, тыз етпе ашуды сабырға жеңдірген ой-толғам да – бәрі бар. Олар түгел тоғыса келіп, бір бүтінге айналғандағы бедерлі сөз, бейнелі ойдың айнымас «Темірқазығы», асыл тұтқасы – біреу – «тәуелсіздік» пен «береке-бірліктің» Мәңгілігі. Өлмес мұра болашаққа осынау Мәңгіліктің сенімін сыйлаған.

Бүкіл түркі халқына ортақ әдебиеттен енші бөлген тұсымыз – «Хандық дәуір» әдебиеті. Құпиясы көп, қатпары терең тарихты жайына қойып, төл еншіміз әдебиетке келер болсақ, аласапыран дәуір бедері туған әдебиеттің бетінде жатыр.

Ел басына күн туған, алмағайып заманда көкейдегіні айтып, көңіл түкпіріндегіні тербейтін, әрине, ақын-жыраулар. Олар өз тұсындағы ақиқатты, шымырлаған шындықты айтып, іштегі шерді

сыртқа шығарады. Елдің басына бұлт үйірілер сәтті андап, елдің береке-бірлігін нығайтудың жолын іздейді, айласын меңзейді, бағытын нұсқайды. Асыл сөз осынысымен құнды. Ескірмейтін ескі сөз бүгіндері жаңаша байыпталып жатқанымен, кезінде кереғар күйде бағаланып, кейде өз кезінде ол жете ұғынылмай қалар сәттер жеткілікті. Рухани мұраның осынысы өкінішті. Бірақ қанша дегенмен небір ауыр кезеңдерде халық дертіне ем болған қасиетті сөз өнері екендігі тағы күмәнсіз.

Ұлттық идея – ұлттың қоғамдық әлеуметтік тыныс-тіршілігі арқылы айқындалатын, өмір сүру тәжірибесі мен қалыптасқан таным-талғамына қатысты жаңғырып-жаңаланып отыратын, халықтың сан алуан талап-тілектерінің, әлеуметтік мұрат-мүдделерінің жалпы мәнін жинақтаған тарихи категория. Оның ұлттың рухани болмысының арналы саласы әдебиетте көрініс табуы «Мәңгілік Ел» идеясымен астасып жатыр. Ендеше ел арманының басты ұстынына айналған Мәңгілік Ел идеясының сан ғасырлық қазақ әдебиетіндегі көркемдік көрінісін зерделеу – аса бір ыждағаттықпен зерттеуді қажет ететін ғылыми құндылығы басым, жауапкершілігі зор сала. Өйткені кез келген халықтың ежелгі дәуірлерден бергі арман-мақсаттарынан қалыптасатын рухани болмысын саралайтын нақты көрсеткіші – Сөз өнері. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» идеясының ұлт рухымен берік бірлігі қазақ әдебиетіндегі әдеби туындылар өзегінен үнемі өзіндік өрісін тауып келеді. Қазақ әдебиеті тарихының байырғы дәуірлерінен егемендік алған тұсымызға дейінгі уақыттарда, одан кейін де Ұлттық идея – Мәңгілік Ел тұжырымдамасы әдеби көркемдік тұрғыдан негізделді десе болады. Осы қос ұғым, егіз ұстаным белгілі бір кезеңдік тұстарда түрлі реңкпен бейнеленіп отырды.

Жалпы алғанда, әдебиет ежелгіден бүгінге дейінгі аралықта қашанда болсын елдік мұрат пен мүддені көздей отырып, Мәңгілік Ел болуға ұмтылған текті жұрттың қилы кезеңдеріндегі азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресінің қуатты құралына айналды.

Қазақ қазақ болғалы, ел болып ұйысқалы, ұлт болып орныққалы сыртқы жаудың шапқыншылығына, аласапыран мезгілдер әкелген жаугершілік пен үркіншілікке аз ұшыраған жоқ. «Ата жұрты бұқара, // Өз қолында болмаса, // Қанша жақсы болса да, // Қайраты туған ер ғаріп» (Алдаспан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 278 б. – 25-бет.) деп Асан Қайғы, «Қайран да менің Еділім, // Мен салмадым, сен салдың, // Қайырлы болсын сіздерге // Менен қалған мынау Еділ жұрт!...» (Сонда. – 29-бет) деп Қазтуған жырау «Ой түбіндегі асыл сөзді шер

толқыта шығарған» небір алмағайып замандар да өтті. Ой толғаудың өрісін ашып, көкейге сары уайым ұйытпай, санаға серпіліс әкеліп, туған ел, туған жер сағынышын ұран ғып көтерер, азамат намысына от жаныр бұл жолдар – ұлт боп ұйысудың, ел болып бірігудің қатығына айналған жырлар.

Осы кезеңнің ұлы тұлғасы – Асан Қайғы жырлары, тұтастай алғанда, осыған қызмет етеді. Ол – болашақты болжап, келер күннің алдан шығар кесапатын кейіптей білген данагөй. «Алғашқы тар заманының құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп болжал айтқан Асан Қайғы. ... өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол» (Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы Ана тілі, 1991. –240 б. – 201-бет.), – дейді М. Әуезов дала данасы туралы. Ендеше кейінгі жаңа тарихтың – қазақ хандығы дәуірінің болашағына ой жіберген Елдік жырының бастау көзі – Асан Қайғы жырлары. Жыраудың бай мұрасы бізге, әрине, там-тұмдап ғана жетті. Әйтсе де, соның өзі зерделей қарағанға Асан Қайғы «қайғысының» сырларын толық сезінуге жетерліктей. Ол «қайғы» ғалым-жазушы М. Мағауин айтқандай «... бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы» (Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б. – 34-бет.). Мұны «Мәңгілік Елді» аңсаудан тумады деп кім айта алады?!

Асан толғаулары – туған ел мен туған жердің кешегісі, бүгінгісі, ертеңгісі жайлы терең пайымдаулардың, өз тұсындағы елдің ері мен ел көшбасшысының жақсысын асырмай мен жаманын жасырмай шындығын ашып айтқан қатты да ащы ұстындар жиынтығы. Жыр-толғауларының қай-қайсысында болмасын ол бүгіннің жайын айтады, кешегінің нәтижесін бүгіннен шығарып, ертеңінің сұлбасын болжайды. Бұл – сәуегейлік емес, данагөйлік. Көзбен көргенді ақылмен екшеп, келешектің келбетіне көкірек көзімен үңілу. Сонда не дейді жырау?!

Ай хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
...Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Елеуреп неге сөйлейсің?!
...Ай, Жәнібек ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан,
Қарағай басын шалмай ма?!

Мұны неге білмейсің (Алдаспан. – 60 бет)?! – деп қайырылады дана жырау әз-Жәнібек ханға. Сөйтіп, өзгермелі замана сыңайын ханның түйсігіне жеткізуге тырысады. Толғаудың бізге жеткен шағын үзіндісінен ел қамын ойлаған дананың ел иесінің ақылына ақыл қосу, қиыншылықтан шығар жол көрсету ниеті танылады. Дана көрегендігінің куәсіндей ақыл таразысына салмақталған ойлар – мейманасы тасқан Жәнібек ханды сабасына түсірер, сабырға суарылған қас қағидалар.

Ел тарихындағы жыраулар орнын М. Әуезов: «Анығында өсиетші қария толғаушыл жыраудың міндеті өлеңшілік емес, елге басшылық істеп, басықы айту болатын. Хан шеше алмаған ауыр түйін, қиын жұмбақ, көмескі келешек болса, барлығына шешу сөзді солар айта-тын. ...Қайым тіршілігінде бұлардың саяси салмағы сондайлық зор болғандықтан, аузынан шыққан сөзі олқы болмауға керек. ...Көлденең кісі мін таба алмайтындай, қорғасындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек. Сол себепті бұлардың сөзі асыл өлең өлшеуімен шығуы шарт болған. Ел билеген жақсы туралы заманның сыны мен ұғымы сондайлық болғандықтан, әрбір хан өз қасында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен, сөз тапқыш өткір деген суырылған шешеннен, суырылған ақыннан алатын» (Әдебиет тарихы. – 196-197 беттер.), – деп бағалаған екен. Ендеше XV–XVIII ғасырлардағы жыраулардың қай-қайсысыда осы талаптан табыла білген.

Сөйлесе қызыл тілдің шешені,

Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,

Қалайылаған қасты орданың сынығы,

Билер отты би соңы,

Би ұлының кенжесі,

Буыршынның бұта шайнар азуы,

Бидайықтың көл шайқаған жалғызы,

Бұлұт болған айды ашқан,

Мұнар болған күнді ашқан,

Мұсылман мен кәуірдің,

Арасын өтіп, бұзып дінді ашқан

Сүйінішұлы Қазтуған (Алдаспан. –55-бет.)!!! –

деп ұранды жырдың үлгісін салған Қазтуған да, өзін «Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағасы» деп бағалаған Доспамбет жырау да – өткеннен бізге үзiгi жеткен азаттық пен ерлiктi, еркiндiк пен елдiктi ұштастырған отты жыр дәстүрiнiң тарланбоздары. Тәуелсiздiктi ту көтерген, оның мәңгiлiгiн аңсаған жыр үлгiсi солардан қалған. Олар

– ел қорғаны, елінің тағдырын өз тағдырымен еншілес деп білген жаужүрек жыраулар. Қажет тұсында қол бастап, бейбіт кезеңде сөз бастап, ел еркіндігі – ер мерейі деп білген ел ағалары. Жұрттың қамы жолында шейіт болар өлім де оларды өкіндіре қоймайды.

Доспамбет жыраудың «Айнала бұлақ басы тең» деп басталатын ұзақ толғауында:

Арғымаққа оқ тиді

Қыл майқанның түбінен,

Аймедетке оқ тиді

Отыз екі омыртқаның буынынан...

...Жара бір қатты, жан тәтті,

Жара аузына қан қатты...

...Жағдайсыз жаман қалып барамын

Жанымда бір туғанның жоғынан (Сонда – 69-70-беттер.)!..

дейтін жолдар бар. Мұхтар Мағауин «Жорықшы жырау» деп атаған Доспамбет жырының біз мысалға келтірген соңғы екі жолында аң ұрған өкініш табы бардай. Бірақ толғаудың аяқталар тұсындағы өршіл жолдар бұл күмәнді ойды жоққа шығарады. Өзінің өмір жолын, жау жүрегін шайлықтырар ерліктерін жырлай келіп, жырау қас батырға тән өжет мінезбен өлімге бас тіккендігіне өкінбестігін білдіреді.

Бүгін, соңды өкінбен,

Өкінбестей болғанмын,

Ер Мамайдың алдында

Шаһид кештім өкінбен (Сонда – 70-71-беттер)!..

Толғаудың соңғы түйінінде ел бірлігін өмірінен артық көрген жыраудың тұғырлы тұжырымы жатыр. Ноғайлы жұртының бірлікке келген тұсын көзбен көрген жорықшы-жырау өзіне ел бірлігінен артық бақыт тілемейді. Толғаудағы өршілдік рухы да осыдан өріс алады.

Ел бірлігі – жырау арманы. Ел тәуелсіздігі – жырау толғауларының арналы тақырыбы. Ендеше Доспамбет толғауларындағы қаһарман-жырау танымын бірлік түбі – Мәңгілік Елдік тұрғысынан ұғынған жөн.

Ерлік жыры мен азатшыл рухтың белең алып, әдебиеттің басты тақырыбына айналған тұсы – XVIII ғасыр. Жоңғар басқыншылығына қарсы күрестің жыр байрағы осы тұста биікке көтеріліп, асқақтай түседі. «Осы дәуір әдебиетіндегі сырт жауларға қарсы күрес, ерлік сарыны Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей жыраулардың творчество-

сынан, ал қазақ даласында болған кейбір өзгерістер негізінен Бұқар жырау творчествосынан өз көрінісін тапты» (Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432б. – 66-67-беттер.), – дейді М. Мағауин.

Қазақ әдебиетіндегі азатшыл ой, азаттық рухтағы жыр-өлеңдерінің арғы бастауларына назар салған тұста XVIII ғасыр әдебиетіндегі М. Мағауин атаған жыраулардың ішінен Ақтамберді жырау поэзиясының болмысы бөлек, өресі биік. Ақтамберді – әрі батыр, әрі жырау болғандықтан, жауға қарсы жорықтарда ер намысын жаныған жорық жыршысы, ел еркіндігін өзек еткен толғауларын ақыл мен даналыққа толтыра алған данагөй жырау.

Ақтамберді толғаулары көбіне ерлікті әспеттеп, ел тәуелсіздігін ардақтаған тегеуріні тым қатты, рухы биік отты жыр жолдарынан өріледі. Әсіресе, «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауының екпіні ерекше. Жонғардан туған жерді азат етер арпалыстың от-жалынында туған, ерлердің ертеңгі жеңіске деген құштарлығын оятар, жеңістен кейінгі бейбіт күндердің берекелі шаттығын көзге елестетер жігерлі жыр, ұранды рухымен сүйсіндіреді.

Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып...
...Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам (Алдаспан. – 112-бет.)!

Бұл жолдар – ерлікті серік еткен жыраудың, ел тәуелсіздігі жолындағы күрескерлік бағдарының жосығы іспетті. Азаттық жолындағы күрестің басты мақсаты – «өз алдына Ел болу». Міне, көкейді тескен арман дйттеген уақыт кезеңі, мезгіл-меже осы. Қантөгіс, қырғын, жас кеткен боздақ – осы бір ұлан мұраттың құрбаны. Жырау сипаттайтын жеңістен кейінгі мамыражай заман суреттері – еркіндікке жеткізер ерлік қайрағы. Ал көңіл көздеген түпкі мақсат – ел қамы, «Мәңгілік Елдің» қамы.

Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екенбіз!
Ел жазылып жайлауда
Жақсылар кеңес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып,

Бұрын да сөйлер ме екеміз (Сонда. – 114-бет)?!

Жырау көрер қуанышты, келер бақытты көшпелі жұрттың қызықты өмір салтынан ала отырып, күнделікті күйбең тіршілікті сағалап кетпейді. Елінің жайын ойлайды. «Кенес құру», «Қоныс іздеу» – осының нақты көрінісі. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жұмақ заманды бейнелеп, ел тәуелсіздігінің Мәңгілігін аңсаған ақынды береке-бірліктің құтын қашырмаудың қиындығы қатты толғандырады.

Осындай берген дәулетті,

Көтеріп тұра алар ма екеміз (Сонда)!

Шіркін-ай, десеңші, бұл бүгіннің де өткір сұрағы емес пе?!

Ел бірлігінің өміршеңдігін тілеген осынау үмітті түйіннің айтары көп, берері мол. Жырау азаттық күрестің баяндылығын тілейді. Келер ұрпаққа соны міндеттейді. Ақтамберді толғауында ел еркіндігіне қол жеткізген кезде атқарылуы тиіс істердің бағдары суреттелген. Ол үшін, ең алдымен, «жалаулы найза жанға алып, атасы басқа қалмақты бастыру» керек, сонда ғана арман-тілек орындалады.

Жырау толғауларындағы басқы мақсат – ата жауға қарсы күреске шақыру, ерлікке жігерлендіру. Елдіктің Мәңгілігін аңсаған азатшыл сарын – жырау поэзиясының басты желісі. Оның тәуелсіздікті мұрат тұтқан алғашқы өлеңдерінен-ақ өршіл сарынның от жалынды лебі сезіліп тұрады.

Жасым жетіп он беске,

Кірер ме екен кеңеске,

Бұғана қатып, бел бекіп

Ерегіскен дұшпанмен

Шығар күн туса күреске (Сонда. – 106-бет.)!

Бұл – жалынды жастықтың тұнба көңілінен туған толғау. Ерлікті күреске ұмтылып, батырлық даңқты көксеген бозұланның арман жыры осылайша өріліп, алысты аңсау асау арманының айшығына айналады. Ол көздеген мақсатын алға тартып, ел тірегіне айналар ұл болар күнді меңзеп отыр. Мұнда жеке мүдде сипаты емес, ел тұтқасы – ер тұлғаның рухын асқақтату басым. Ал, «Күлдір-күлдір кісінетіп» – жыраудың ел атынан толғаған көп тілегінің көрінісі.

Жыраудың мәңгілікке ұштасар ел бірлігін, елдің елдігін толғауы осынау алғашқы жұрт назарын аудартқан сөздерінен-ақ анық аңғарылады.

Он жетіге жас толды,

Көңілім сонда орнықты.

Жауласарға жау емес,
Дауласарға дау емес,
Жақынға қылман зорлықты (Сонда. – 106-107-беттер.).

Ел қамын жасынан ойлаған батыр-жыраудың ел бірлігін басты нысана етуінің айғағы – осы жолдар. Ол ата жаумен өштесуге де, кескілесуге де бар. Бірақ батырлығын әлімжеттілікке айналдыру – ол үшін жат. Ел қорғаны – ер осылай болуы керек-ті. Жау қорлығындағы елге бас болып, жерін жаудан азат ету – жас жырау жырының жұлынды өзегі.

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым
Жеткіз деп құдай тілекке (Сонда. – 107-бет.)!

Қалың қазағының, ел-жұртының қамын ойлап, жорыққа аттанған батырдың ел тағдырының қиынды тұстарында айбарлы азаматы, айбыны болары еш күмәнсіз. Оның сырт тұлғасы ішкі жан дүниесіне сай. Тәні батыр, жаны жырау Ақтамбердінің өзін суреттеген толғауына көз салсаңыз мұны айқын түсінесіз.

Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айырылман,
Сыртым – қылыш, жүзім – болат
Тасқа да салсаң майырылман (Сонда. – 108-бет.)!

Келісті көркем бейнелеу көз алдымызға ел ісіне қатысты қиындықтан еш қаймықпас, жауды көрсе арсыландай атылар айбынды да айбарлы батырды әкелмей ме?! Ал батырлыққа тұлға мен бірге жүрек те керек. Оның жүрегін жауынан сескендірмес алып күштің қуаты неде?! Ол күштің таусылмас қайнар көзі – Ел. Елден еншісі бөлінбеген ер ғана ерен күшке ие. Ел сенімін арқалаған жан ғана жан алысып, жан берісуге шыдап, қашанда жауынан мысы басым келеді. Ал, жауды жеңіп, еліне еркіндік әкелу мақсаты Мәңгілікпен өзектес. Ақын, міне, «Балпаң, балпаң кім баспас» толғауында осыны жырлайды. Осы толғаудан жырауды – батыр еткен ішкі әлемнің сырын ұғасың:

Балпаң, балпаң кім баспас,

Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас,
Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарын
Жаудан аяй көрмеңіз,
Ғазырейіл тура келмей жан алмас (Сонда. – 110-бет.).

Бұл – өзін-өзі қайраудың ғана емес, тәуелсіздікті ту етер түгел жұртты ерлікке үндеудің үлгісі. Батырлық пен ержүректіліктің болмысын ашқан мұндай жанды толғау өте сирек. Ақын ұғымында батыр болмақ ғайыптан емес, елін сүйген ыстық жүректен. Бұл – ақиқаты айқын ұғым.

Жыраудың асқақ рухты толғауларында ел қамын жеген ерен тұлғаның бейнесі «мен мұңдалап», ел мен ер тұлғасы тұтасып кетіп толыққанды бірлік табады.

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап (Сонда).

Елінің тәуелсіздігі мен еркіндігінің Мәңгілігі жолындағы күресте бетпе-бет келген өлімнен сескенбей, жан пидалықты шарт тұтқан жұртын сүйген ер жырының елінің ертеңін баянды етер ұрпағының жүрегінде жатталып қаларына еш күмән жоқ.

Жалпы алғанда, ежелгі және жыраулық дәстүрден негіз тартқан азаттық пен күрескерлік рух тұнығынан нәр алған Мәңгілік Елдік – ұлттық идея XIX ғасырдағы қазақ ақындары шығармашылығынан жалғасын тауып, кейінгі әдебиттерде басты ұстанымға айналды. Бүгінде осынау дәстүрлік үрдісті толыққанды зерттеу – әдебиеттанушылар алдында тұрған ұлан міндеттердің бастысы.

Қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын зерделеу мен танып-білу барысында бұрынғы және қазіргі тәжірибелерге сүйене отырып, аталмыш мәселенің мән-маңызын терең байыптау әбден қажет. Бұл – алдағы уақыт еншісіндегі дүние...

Тәуелсіз Қазақ Елінің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2015 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, ре-

формалар, даму» атты халыққа жолдауында: «Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!» (Егемен Қазақстан. – 30-қараша. – 2015 ж.), – деп, Мәңгілік Елдіктің тұғырын бекітер сенім рухының белгілерін нақтылап берді. Мұның бүгінгі күнгі қоғамдық санадағы жарқын құбылыстар, эстетикалық және рухани құндылықтар сабақтастығынан тәлім алуға, ұлттық болмыс ерекшеліктерін түйсінуге, еліміздің тарихи, мәдени, саяси даму бағыттарын аңдауға мүмкіндіктер ашатындығы сөзсіз! Сондықтан да қазақ әдебиетіндегі Мәңгілік Ел идеясы көрініс табуының көркемдік қағидаттары терең зерделеніп, соның нәтижесінде шығармашылық тұлға туындысындағы ұлттық идеяның дәстүрлік мәні мен жаңашыл сипаты айқындалып, оны «Мәңгілік Ел» идеясымен тоғыстырар алғы шарттарын анықтау жүзеге асырылуы тиіс. Өйткені, Қазақ руханиятындағы Мәңгілік Елдіктің идеялық мәнін ұрпақ санасына сіңіру – баршамызға ортақ парыз.

Мазмұны

Ж. Тілепов. XIV-XV ғасырлардағы жыраулар шығармашылығы – сол дәуірлердегі тарихи жазба деректер көзімен	3
У. Қалижанов. Хандық дәуіріндегі қазақ әдебиеті	22
Ө. Әбдиманұлы. Қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» идеясын жырлаудың дәстүрлік арналары	32
Б. Әбдіғазизұлы. Нарманбет шығармашылығындағы дауылды дәуір шындығы.....	48
Р. Әбдіғұлов. Жамбыл шығармашылығындағы Саурық батыр бейнесі.....	54
Т. Әлбеков. Қазақ қолжазбалары – ел мұрасы	77
С. Қосан. Жыраулық толғаулардағы тәуелсіздік сарыны	86
С. Сәкен. Мұрын Сеңгірбекұлы жырлаған «Қырымның қырық батыры» эпикалық жыры және ел тарихы	93
П. Бисенбаев. «Кенесары-Наурызбай» жырының тарихилығы.....	106
С. Дәрібайұлы. Ақын-жыраулар поэзиясындағы діни сарындар	112
Г. Есіркепова. Қазақ әдебиетіндегі Желтоқсан оқиғасы	119
Ә. Абдрахман. Қазақ тарихи романистикасының үздік табысы – «Көшпенділер» трилогиясы	128
С. Мухаметжанова. Ш. Уәлиханов зерттеулеріндегі қазақ халқының тарихи тұлғаларының бейнесі	145

ҚАЗАҚ ЖЫРАУЛАРЫ

**«Қазақ жыраулары жырлаған 700 жылдық ел тарихы» атты
Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның
материалдары**

(24 мамыр, 2016 жыл)

Басуға 27.06.2017 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі – «Times». Пішімі – 60x90^{И6}.
Баспа табағы – 9,75. Таралымы – 300 дана.
Тапсырыс № 3/72-17

«Экономика» баспасы ЖШС
Алматы қаласы, 1-ықшам ауданы, Сайын көшесі, 81 үй.
тел.: 8(727) 377-19-89, 377-19-53

ISBN 978-601-225-985-8



9 786012 259858